



КЕЛІСІЛДІ

Ақмола облысы білім
басқармасының басшысы

Б.Ізбасарова
28 04 2017 жыл



БЕКІТЕМІН

Ақмола облысы білім
басқармасының жанындағы
ОДТ,С және АӘД оқу-әдістемелік
орталығының директоры

В.Яковенко
24 04 2017 жыл



«Спорт-денсаулық, спорт-ойын, спорт-әкем, анам және мен» отбасылық спорттық команда фестивалін өткізу ережесі

1.Мақсаты

- салауатты өмір сүру салтын насихаттау;
- Ақмола облысының тұрғындары арасында бұқаралық спорт түрлерін әрі қарай дамыту және спортпен айналысуды насихаттау;
- халықты, оның ішінде өсіп келе жатқан ұрпақты жаман әдеттерден арылту;
- отбасында салауатты өмір сүру салтын қалыптастыру.

2. Өткізу мерзімі және орны

Жарыстар Бұланды ауданы Макинск қаласы МГ спортзалында өткізіледі. Командалардың келетін күні -2017 жылдың 6 маусымы. Жарыс 7 маусым сағат 11.00-де басталады.

3. Жарысқа қатысушылар

Жарысқа әр ауданнан және Көкшетау, Степногорск қалаларынан отбасылық команда (отбасы) жіберілді. Команда құрамы (отбасы) – 3 адам - әкесі, анасы (ата-ананың біреуі білім беру саласында жұмыс істеуі керек) және 12 жасқа дейінгі бала.

Қатысушы-командада бірыңғай спорттық киім және эмблема болу керек

4.Жарыстарды өткізу басшылығы:

Жарысты жалпы өткізу басшылығы Ақмола облысы білім басқармасының жанындағы облыстық дене тәрбиесі, спорт және алғашқы әскери дайындығының оқу-әдістемелік орталығына жүктеледі.

Жарысты нақты өткізу облыстық дене тәрбиесі, спорт және алғашқы әскери дайындығының оқу-әдістемелік орталығы бекіткен төрешілер алқасына жүктеледі.

Бұланды ауданының білім бөлімі жарыстың салтанатты ашылуымен жабылуын ұйымдастырып, эстафета уақытындағы үзілістерде ән мен би нөмірлерімен қамтамасыз етсін.

5. Өткізу шарттары

Мандаттық комиссия 2017 жылдың 7 маусымы, сағат 9.00-де жұмыс істей бастайды.

Мандаттық комиссияға мына құжаттарды беру қажет:

- баланың туу туралы куәлігі , жеке куәліктер (түпнұсқасын);
- неке туралы куәлігі;
- білім бөлімінің бұйрығы;
- белгіленген нұсқадағы өтінімдері болуы қажет: команда құрамындағы әр қатысушыға қалалық (аудандық) білім бөлімі басшысының қолы қойылған және қалалық (аудандық) білім бөлімі дәрігерінің қолы мен мөрі қойылған өтінім; өтінім парағы басылған түрде (компьютерде) болу керек. Қатысушыға медициналық тексеру жасаған дәрігер білуі қажет: әр спортшының аты-жөні алдына өткізілгені туралы рұқсаттамасын, оның қолдану мерзімін анықтап, өзінің қол таңбасымен мөрін қоюы қажет; сұранымның аяқ жағына сандармен және жазбаша: жарыстарға өткізілген спортшылар санын, медициналық тексерістен өткені жайлы мерзімді және өзінің толық аты-жөнін жазуы қажет;

Мандаттық комиссия құрамына дене тәрбиесі, спорт және алғашқы әскери дайындығының ОӘО маманы және жарыс өтетін аймақтың мекемесінің бұйрығымен бекітілген екі өкіл (біреуі міндетті түрде медициналық қызметші болуы керек) кіреді.

2017 жылдың 7 маусымында Макинск қаласының мектеп гимназиясында мектебі (спортзалда) сағат 10.30-да төрешілер алқасының отырысы өткізіледі. Жарысқа отбасылық бастау сәттерде командалардың қатысуын растау туралы өтінішті 2017 жылдың 1 маусымына дейін Көкшетау қаласы, Горький көшесі 73 немесе тел/факс 8716 -2- 253018 номерімен жіберу қажет.

6. Бағдарлама

Эстафеталар жиынтығы:

1. «Біреуі бәрі үшін және бәрі біреуі үшін»

Әкесі баласының қолынан ұстайды, екеуі залдың қарсы жағына қарай жүгіреді. Әкесі баласын шеңбердің (обруч) ортасында қалдырып, өзі кейін қайтады. Әкесі мен анасы қол ұстасып баласына жүгіреді. Отбасының барлық мүшелері қол ұстасып кейін қайтады.

2. «Доппен жүгіру» эстафетасы

Баласы баскетболдың қақпасына дейін және кейін допты аяғымен тебіп жүгіреді, анасы – допты аяғымен тебіп жүгіреді, допты баскетболдың қақпасына лақтырып оны аяғымен тебіп кейін қайтады. әкесі – допты аяғымен тебіп қақпаға дейін барады, баскетболдың қақпасына допты бір түсірген соң кейін қайтады.

3. «Қаппен жүгіру»

Әкесі, анасы, баласы кезекпен қарама-қарсы тұрған бағанаға дейін отырып барып кейін каппен секіріп келу қажет.

4. «Батырлар» конкурсы

Әкелер ғана қатысады. 16 кг гiрдi көтеру. (қанша рет)

5. «Сымбаты ару»

Аналар ғана қатысады. Секiргiшпен секiру. (1 минутта қанша рет секiредi)

6. «Суретті құрастыр»

Бала бөлшектерден (пазлдардан) суретті жинау керек.

7. Аралас эстафета

Баласы гимнастикалық таяқпен кеглдердің арасымен баскетбол добын итереді, анасы қақпаға дейін және кейін екі 2 кг-дық доптармен жүгіреді, әкесі футбол добын аяғымен тебеді.

Есепке барлық қашықтықты өту уақыты енгізіледі, әр бұзушылыққа 5 секундтан қосылады.

7. Қаржы шығындары

Командалардың жарысқа қатысуға байланысты шығындары іссапарға жіберуші ұйымның есебінен төленеді.

Дипломдарды, грамоталарды, медальдарды, бағалы жүлделерді сатып алу, төрешілердің тамақтану шығындары Ақмола облысы білім басқармасының жанындағы облыстық дене тәрбиесі, спорт және алғашқы әскери дайындығының оқу-әдістемелік орталығы есебінен төленеді.

8. Марапаттау тәртібі

I, II, III-ші орын алған команда дипломдармен, грамоталармен, медальдармен және бағалы жүлделермен марапатталады, қалғандары грамоталармен марапатталады.